

## Көкпекті ауданы бойынша мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 тамыздағы № 244 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 тамызда № 4644 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 мамырдағы № 146 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 23.05.2018 № 146 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 31 бабының 1) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9 бабының 6) тармақшасына сәйкес, Көкпекті ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Көкпекті ауданы бойынша ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екі пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулы оның ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Р. Сагандыков*